

Басқарманың _____ ж. № _____ хаттамасының
№ _____ қосымшасы

**«Ақша ақшаны шақырады»
акциясын өткізу
ҚАҒИДАСЫ**

Алматы қ., 2026 жыл

1. Жалпы ережелері

- 1.1. Осы «Ақша ақшаны шақырады» акциясын өткізу қағидасымен (бұдан әрі – Қағида) «Ақша ақшаны шақырады» акциясын (бұдан әрі – Акция) өткізудің тәртібі мен шарттары, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей жеңімпаздарды айқындау және Акция жүлделерін табыстау тәртібі айқындалады. Акция лотерея, құмар ойыны, бәс тігу немесе тәуекелге негізделген өзге де ойынға жатпайды. Акцияға қатысу үшін лотерея билетін сатып алу, қатысу үшін жеке ақы төлеу немесе Банктің кредиттік өнімін ресімдеуге байланысты емес қандай да бір өзге де төлемдерді жүзеге асыруды талап етпейді.
- 1.2. Акцияны ұйымдастырушы «Alatau City Bank» АҚ, БСН 920140000084 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 мекенжайы бойынша орналасқан (бұдан әрі – Ұйымдастырушы/Банк). Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі. Ұтыс ойыны Қағиданың 5-бөлімінің 5.1-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша өткізіледі.
- 1.3. Акцияның жекелеген кезеңдерін ұйымдастырушылық-техникалық қолдау, оның ішінде ұтыс ойынын өткізу, тікелей трансляция жүргізу, жеңімпаздармен өзара қарым-қатынас жасау, жүлделерді табыстау, құжаттарды ресімдеу және жүлделерді табыстауға байланысты салық міндеттемелерін орындау үшін Ұйымдастырушы Оператор ретінде үшінші тұлғаларды тартуға құқылы. Оператор тартылмаған жағдайда, Ұйымдастырушы тиісті функцияларды өзі орындайды. Операторды тарту Ұйымдастырушыны Акцияға қатысушылар алдындағы Қағидада көзделген міндеттемелерден босатпайды.
- 1.4. Акцияны өткізу кезеңі: 01.08.2026 жылғы сағат 00:00-ден бастап 31.08.2026 жылғы сағат 23:59-ды қоса алғанға дейін.
- 1.5. Акцияның мақсаты: Банктің клиенттері және жаңа потенциалды клиенттерінің Банктің кредиттік өнімдеріне деген қызығушылығын арттыру, жаңа қарыздар беруді ұлғайту және брендтің танымалдылық деңгейін көтеру.

2. Қағиданың мәтінінде пайдаланылатын терминдердің анықтамасы

- 2.1. Жеңімпаз – тиісті Жүлде бойынша негізгі жеңімпаз ретінде айқындалған немесе Резервтегі жеңімпаз ретінде тиісті Жүлде алу құқығын алған, Жүлдені алуға дайын екенін растаған және Қағиданың 6-бөлімінің 6.8-тармағында көзделген негіздер бойынша Жүлде алу құқығын жоғалтпаған Акция қатысушысы.
- 2.2. Резервтегі жеңімпаз – негізгі жеңімпаз тікелей эфир барысында телефон қоңырауына жауап бермеген, Жүлдені алудан бас тартқан, қажетті құжаттарды ұсынбаған, Акция шарттарына сәйкес келмеген не Қағиданың 6-бөлімінің 6.8-тармағында көзделген өзге де негіздер бойынша Жүлдені алу құқығын жоғалтқан жағдайда Қағидада көзделген тәртіпте айқындалған Акция қатысушысы.
- 2.3. Акцияға қатысушы – 18 (он сегіз) жасқа толған, Банк клиенті саналатын Қазақстан Республикасының резиденті, Қағиданың 3-бөлімінде көзделген барлық қатысу шарттарын орындаған жеке тұлға
- 2.4. Жүлде – осы Қағиданың 4-бөлімінде көзделген ақшалай жүлде.
- 2.5. Ұйымдастырушының жауапты бөлімшесі – Акцияны ұйымдастыруға және өткізуге тартылған Банк бөлімшелері.
- 2.6. Оператор – қажет болған жағдайда Акцияны өткізу барысында ұйымдастырушылық-техникалық қолдау үшін Ұйымдастырушы қызмет көрсетуге тартатын заңды тұлға,

оның функцияларына, атап айтқанда, Жеңімпаздар мен Резервтегі жеңімпаздарға хабаласу, Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында және/немесе өзге де ресми ақпараттық ресурсында ұтыс ойынын өткізу және тікелей трансляцияны ұйымдастыру, Жүлделерді табыстау, құжаттарды ресімдеу және Жүлделерді табыстауға байланысты салық міндеттемелерін орындау жатады.

- 2.7. Кредит өнімі – Акцияны өткізу кезеңінде Банктің мобильді қосымшасында тиісті өнімді ресімдеу күні қолданыста болған Банк шарттарында Акцияның қатысушысы ресімдеген, Қағида шарттарына сәйкес келетін Банктің кредит өнімдері: «Онлайн кредит» және/немесе «Онлайн кредит (қайта қаржыландыру)».
- 2.8. Қатысушылар тізілімі – Акцияны өткізу кезеңі аяқталғаннан кейін Банктің ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде Ұйымдастырушы қалыптастырған Акцияға қатысушылардың тізімі.
- 2.9. Келесі тұлғалар Акцияның қатысушысы деп танылмайды және акцияға қатысуға құқығы жоқ:
- Қағиданың 3-бөлімінің шарттарына сәйкес келмейтін;
 - әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі;
 - Қазақстан Республикасының бейрезиденті;
 - кәмелетке толмаған тұлға;
 - Ұйымдастырушының алдында, оның ішінде банктік қарыз шарты немесе банктік қызмет көрсету шарты бойынша мерзімі өткен берешегі бар;
 - Ұйымдастырушыда ашылған банк шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуге мүмкіндік бермейтін шектеулер (тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру және т.б.) қойылған;
 - Ұйымдастырушымен ерекше қатынастармен байланысты тұлға, оның ішінде Ұйымдастырушының үлестес тұлғасы;
 - мемлекеттік қызметкер және/немесе оған теңестірілген тұлға;
 - Ұйымдастырушының қызметкері;
 - Оператордың қызметкері.

3. Акцияға қатысу шарттары

- 3.1. Акцияға қатысу үшін жеке тұлға 01.08.2026 жылдан 31.08.2026 жылды қоса алғанға дейінгі кезеңде Банктің мобильдік қосымшасында Кредиттік өнімді ресімдеуі қажет.
- 3.2. Кредит өнімі келесі шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда Акция талаптарына сәйкес келеді деп танылады:
- Кредиттік өнімді нақты берген/қарызды қайта қаржыландыруды нақты ресімдеген күні 01.08.2026 жылғы сағат 00:00-ден 31.08.2026 жылғы сағат 23:59-ға дейінгі аралықты қоса алғандағы кезеңге келеді;
 - 31.08.2026 жылғы сағат 23:59-дағы жағдай бойынша Кредиттік өнім қолданыста, яғни толық көлемде мерзімінен бұрын өтелмеген, жабылмаған, күші жойылмаған және тоқтатылмаған.
- 3.3. 01.08.2026 жылға дейін немесе 31.08.2026 жылдан кейін алынған кредиттік өнім Акцияға қатысу құқығын анықтау кезінде есепке алынбайды.
- 3.4. Бір Акцияның қатысушысының 01.08.2026 жылдан 31.08.2026 жылға дейінгі кезеңде алған Кредиттік өнімдерінің саны Жүлде алу мүмкіндігіне әсер етпейді: Қағида

шарттарына сәйкес келетін бірнеше Кредиттік өнімдерді алған Акция қатысушысы осындай бір Кредиттік өнім алған Акция қатысушысымен бірдей негізде қатысады.

- 3.5. Жұлделердің ұтыс ойынына Тізілімді қалыптастыру күні мен уақытындағы жағдай бойынша Қағиданың 3-бөлімінің шарттарына сәйкес келетін және Қағиданың 2-бөлімінің 2.9-тармағында көзделген шектеулерге жатпайтын Акция Қатысушылары ғана жіберіледі.

4. Акцияның жүлде қоры

- 4.1. Акцияның жүлде қорының жалпы сомасы 36 666 667 (отыз алты миллион алты жүз алпыс алты мың алты жүз алпыс жеті) теңгені құрайды және жеке табыс салығын ұстағанға дейін ақшалай жүлделердің жиынтық сомасын білдіреді. Ақшалай жүлделер Жеңімпаздарға ұсталатын жеке табыс салығы шегеріле отырып аударылады.

Ұйымдастырушы салық агенті бола отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы табыс түрі үшін белгіленген 10% мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығын есептейді және бюджетке аударды.

- 4.2. Акцияның жүлде қоры жеке табыс салығы ұсталғаннан кейін Жеңімпаздарға аударуға жататын ақшалай жүлделердің үш деңгейінен (бұдан әрі – Акцияның жүлде қоры) тұрады:

№	Жұлде атауы	Саны, дана	Ұтыс ойынын өткізу күні
1	10 000 000 теңге	1	01.09.2026 17сағ. 00 мин.
2	5 000 000 теңге	1	01.09.2026 17 сағ. 00 мин.
3	1 000 000 теңге	18	01.09.2026 17 сағ. 00 мин.

Акцияның жүлде қоры барлығы 20 (жиырма) Жеңімпазға есептелген. Әрбір Жеңімпазға 2 (екі) Резервтегі жеңімпаз айқындалады, оларға хабарласу кезектілігі ұтыс ойыны кезінде оларды айқындау тәртібімен белгіленеді (1- Резервтегі жеңімпаз, 2- Резервтегі жеңімпаз).

- 4.3. Жұлде басқа жүлделерге ауыстырылмайды, ал Жұлдені алу құқығы тиісті түрде ресімделген сенімхат негізінде Жеңімпаз өкілінің Жұлде алу жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғаға берілмейді.

5. Жеңімпаздарды анықтау

- 5.1. Акцияның барлық ақшалай Жұлделерінің ұтыс ойыны бір мезгілде 01.09.2026 жылы сағат 17.00-де Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғ., 36, «Іле» БО мекенжайы бойынша өткізіледі.

- 5.2. Жеңімпаздарды және Резервтегі жеңімпаздарды анықтау Ұйымдастырушы мен Оператор (қызмет көрсетуге тартылған жағдайда) комиссиясының қатысуымен www.random.org кездейсоқ сандар генераторы веб-сайтын пайдалана отырып, Қағиданың 3-бөліміне сәйкес ұтыс ойынына жіберілген Акция Қатысушыларының арасынан кездейсоқ таңдау арқылы жүзеге асырылады.

- 5.3. Акцияны өткізу кезеңі аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушының уәкілетті қызметкерлері Банктің ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде осы Қағиданың талаптарына сәйкес келетін және ұтыс ойынына жіберілген Акция қатысушыларының Тізілімін қалыптастырады. Акция қатысушыларының тізілімі 01.09.2026 жылы сағат 15:00-де қалыптастырылады және Ұйымдастырушының Акция қатысушыларын сәйкестендіруі үшін қажетті мәліметтерді қамтиды.

Ұтыс ойынын өткізу мақсатында Ұйымдастырушының уәкілетті қызметкерлері Акция қатысушыларының тізіліміне енгізілген әрбір Акция қатысушысына бірегей реттік нөмір береді. Реттік нөмірлерді беру қалыптастырылған Акция қатысушыларының Тізілімі бойынша ретімен, қайталаусыз жүзеге асырылады. Ұтыс ойынын өткізу үшін дербес деректерді, банктік құпия және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты ашпай, Акция қатысушыларының бірегей реттік нөмірлерін қамтитын Акция қатысушылары Тізілімінің деректері көрсетілмеген нұсқасы пайдаланылады. Бірегей реттік нөмірді Акцияның нақты қатысушысымен салыстыруды Ұйымдастырушы ғана жүзеге асырады.

5.4. Ұтыс ойыны барысында әр Жүлде бойынша төмендегілер анықталады:

- Негізгі жеңімпаз;
- № 1 резервтегі жеңімпаз;
- № 2 резервтегі жеңімпаз.

Акцияның қатысушысына негізгі Жеңімпаз немесе Резервтегі жеңімпаз мәртебесін беру Жеңімпаздар мен Резервтегі жеңімпаздарды анықтау күні мен уақытындағы жағдай бойынша Қағиданың 2-бөлімінің 2.9-тармағында көзделген шектеулердің болмауын қоса алғанда, Қағиданың талаптарына сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады.

Негізгі Жеңімпаз мәртебесі Резервтегі жеңімпаз мәртебесінен басым болады. Акция шеңберінде Акция қатысушысы бір мезгілде бір Жүлде бойынша негізгі Жеңімпаз және басқа Жүлде бойынша Резервтегі жеңімпаз бола алмайды.

Егер бұрын бір Жүлде бойынша Резервтегі жеңімпаз болып анықталған Акция қатысушысы кейіннен ұтыс ойыны барысында басқа Жүлде бойынша негізгі Жеңімпаз болып анықталған жағдайда, мұндай Акция қатысушысы Негізгі Жеңімпаз болып анықталған сәттен бастап бұрын анықталған Жүлде бойынша Резервтегі жеңімпаз мәртебесі жоғалтады.

Акция қатысушысы бұрын қандай да бір Жүлде бойынша Негізгі Жеңімпаз болып анықталған жағдайда, басқа Жүлде бойынша Резервтегі жеңімпаз болып таныла алмайды. Мұндай жағдай анықталған кезде тиісті Акция қатысушысы Резервтегі жеңімпаз ретінде есептелмейді, ал тиісті Жүлде бойынша Резервтегі жеңімпаз негізгі Жеңімпаз болып танылмаған өзге Акция қатысушыларының ішінен қайта айқындалады.

5.5. Жүлделерді бөлу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 10 000 000 (он миллион) теңге мөлшерінде бірінші Жүлде бойынша негізгі Жеңімпаз және екі Резервтегі жеңімпаз анықталады;
- 5 000 000 (бес миллион) теңге мөлшерінде екінші Жүлде бойынша негізгі Жеңімпаз және екі Резервтегі жеңімпаз анықталады;
- келесі 18 (он сегіз) Жүлде бойынша 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде әрбір Жүлде үшін негізгі Жеңімпаздар және екі Резервтегі жеңімпаздан анықталады.
- әрбір Жүлде бойынша Резервтегі жеңімпаздардың кезектілігі комиссияның хаттамасында белгіленеді. Резервтегі жеңімпаздардың толық санын айқындау үшін Акция қатысушыларының саны жеткіліксіз болған жағдайда Резервтегі жеңімпаздар нақты мүмкін болатын мөлшерде анықталады.

5.6. Жүлдені алуға дайындықты растау Ұйымдастырушыда бар Акция қатысушысының телефон нөмірі бойынша тікелей эфир барысында телефон қоңырауы арқылы жүзеге асырылады. Қоңыраулар келесі кезектілікпен жүзеге асырылады:

- Негізгі жеңімпаз;
- № 1 резервтегі жеңімпаз;
- № 2 резервтегі жеңімпаз.

5.6.1. Егер негізгі Жеңімпаз қоңырауға жауап берсе және Жүлде алуға дайындығын растаса, тиісті Жүлде алу құқығы оған бекітіледі.

5.6.2. Егер негізгі Жеңімпаз қоңырауға жауап бермесе немесе Жүлде алудан бас тартса, тиісті Жүлде алу құқығы № 1 Резервтегі жеңімпазға беріледі.

5.6.3. Егер № 1 Резервтегі жеңімпаз қоңырауға жауап бермесе немесе Жүлде алудан бас тартса, тиісті Жүлде алу құқығы № 2 Резервтегі жеңімпазға беріледі.

5.6.4. Егер негізгі Жеңімпаз, № 1 Резервтегі жеңімпаз және № 2 Резервтегі жеңімпаз тиісті Жүлде бойынша тікелей эфир барысында алғашқы қоңырау шалу кезінде телефон қоңырауларына жауап бермесе, Ұйымдастырушы және/немесе Оператор тікелей эфир соңында көрсетілген қатысушыларға қайта қоңырау шалуды сол кезектілікпен жүзеге асырады.

5.6.5. Егер қайта қоңырау шалуға аталған қатысушылардың ешқайсы жауап бермесе және Жүлдені алуға дайындығын растамаса, тиісті Жүлде Ұйымдастырушының иелігінде қалады.

5.6.6. Тікелей эфир барысында қоңырау шалатын нөмір кіріс қоңыраулары үшін техникалық жағдайларға байланысты қолжетімсіз болуы мүмкін. Акция қатысушысында көрсетілген нөмірге кері қоңырау шалуға техникалық мүмкіндігінің болмауы Жеңімпаздарды анықтау және Жүлде алу құқығы туралы хабарлау тәртібін бұзу болып саналмайды.

5.7. Жеңімпаздарды анықтау үшін тікелей трансляция өткізу барысында тек Ұйымдастырушыға нақты Акция қатысушысын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Акция қатысушы туралы аты-жөні көрсетілмеген (бүркемеленген) ақпарат пайдаланылады. Ұтыс ойыны барысында банктік құпия және Акция қатысушыларының дербес деректері жария етілмейді.

5.8. Жеңімпаздарды және Резервтегі жеңімпаздарды анықтау процесі бейнетіркеу арқылы жүзеге асады және Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында және/немесе Ұйымдастырушының өзге де ресми ақпараттық ресурсында тікелей эфирде көрсетіледі. Трансляция барысындағы техникалық іркіліс комиссия хаттамасы болған жағдайда ұтыс ойының жарамдылығына әсер етпейді.

5.9. Ұтыс нәтижелері Ережелердің 1-қосымшасының формасына сәйкес хаттамаланады.

5.10. Жүлделер ұтыс ойыны Ұйымдастырушыға байланысты емес себептер бойынша басқа күнге ауыстырылуы мүмкін, бұл туралы Ұйымдастырушының Instagram-дағы ресми парақшасында және/немесе Ұйымдастырушының өзге де ресми ақпараттық ресурсында хабарланатын болады.

5.11. Ұтыс ойынына жіберілген Акция қатысушыларының саны Жүлделердің санынан аз болған жағдайда, Жеңімпаздар саны ұтысқа жіберілген Акция қатысушыларының

нақты санынан аспауы тиіс. Берілмеген жүлделер Ұйымдастырушының иелігінде қалады.

- 5.12. Қағиданың 4-бөлімінің 4.2-тармағында көрсетілген әрбір Жүлде сомасы Жеңімпаздың банктік шотына толық көлемде аударылатын сома.

6. Хабарлау және Жүлделерді табыстау тәртібі

- 6.1. Жеңімпазға немесе Резервтегі жеңімпазға Жүлдені алу қажеттілігі туралы бастапқы хабарлау тікелей эфир барысында Ұйымдастырушыда немесе Операторда (қызмет көрсетуге тартылған жағдайда) көрсетілген телефон нөміріне хабарласу арқылы жүзеге асырылады.
- 6.2. Тікелей эфир барысында телефон қоңырауына жауап берген және Жүлдені алуға дайындығын растаған Жеңімпаз немесе Резервтегі жеңімпаз Қағидада көзделген тәртіпте Ұйымдастырушыға және/немесе Операторға Жүлдені алу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 6.3. Жүлдені алуға дайындығы расталғаннан кейін Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Банктің ресми нөмірі, SMS-хабарлама, Банктің мобильді қосымшасындағы push-хабарлама және/немесе Ұйымдастырушының өзге де ресми байланыс арналары арқылы Жеңімпазға немесе Резервтегі жеңімпазға Жүлдені алу үшін одан әрі жасалатын әрекеттер туралы ақпаратты жібереді.
- 6.4. Егер Жеңімпаз немесе Резервтегі жеңімпаз Жүлдені алуға дайындығын растап, бірақ одан кейін байланысқа шықпаса, Ұйымдастырушының және/немесе Оператордың қоңырауларына жауап бермесе, Жүлдені алу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаса немесе Жүлдені ресімдеуге және табыстауға өзге де тәсілмен кедергі келтірсе, Ұйымдастырушы және/немесе Оператор Қағиданың 6-бөлімінің 6.3-тармағында көзделген ақпарат жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мұндай Жеңімпаздың немесе Резервтегі жеңімпаздың телефон нөміріне кемінде 2 (екі) рет қоңырау шалады. Егер көрсетілген мерзім өткеннен кейін Жеңімпаз немесе Резервтегі жеңімпаз байланысқа шықпаса және/немесе Жүлдені алу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаса, мұндай Жеңімпаз немесе Резервтегі жеңімпаз тиісті Жүлдені алу құқығынан айырылады.
- 6.5. Негізгі Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылған жағдайда, тиісті Жүлдені алу құқығы №1 Резервтегі жеңімпазға өтеді. №1 Резервтегі жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылған жағдайда, тиісті Жүлдені алу құқығы №2 Резервтегі жеңімпазға өтеді.
- 6.6. Егер № 2 Резервтегі жеңімпаз қоңырауға жауап бермесе, Жүлдені алудан бас тартса, қажетті құжаттарды ұсынбаса, Акция шарттарына сәйкес келмесе, Жүлдені алу құқығынан айырылса немесе Жүлдені алуға дайындығын растап, бірақ кейіннен Қағиданың 6-бөлімінің 6.4-тармағында көзделген тәртіппен байланысқа шықпаса, тиісті Жүлде Ұйымдастырушының иелігінде қалады.
- 6.7. Жеңімпаз немесе Резервтегі жеңімпаз тиісті Жүлде бойынша Жеңімпаз/Резервтегі жеңімпаз мәртебесінен және мұндай Жүлдені алу құқығынан мынадай жағдайларда айырылады:
- Жүлде алудан бас тарту;
 - Қағидада көзделген тәртіп бойынша Жүлдені алуға дайындығын растамау;

- Қағидада көзделген тәртіп бойынша жасалған телефон қоңырауларына жауап бермеу;
- Жүлде алу үшін қажетті құжаттарды ұсынбау;
- Жүлдені ресімдеу және табыстау үшін қажетті құжаттарға қол қоймау;
- Акцияға қатысу шарттарына сәйкес келмеуі және/немесе Акция қатысушыларының Тізілімін қалыптастыру, Жеңімпаздарды және Резервтегі жеңімпаздарды анықтау, құжаттарды ресімдеу және Жүлдені банктік шотқа аудару кезеңін қоса алғанда, Акцияны өткізудің кез келген кезеңінде анықталған Қағиданың 2-бөлімінің 2.9-тармағында көзделген шектеулердің болуы;
- қате, толық емес немесе жаңылыстыратын мәліметтер беру;
- Жүлдені теріс жолмен алуға бағытталған әрекеттер жасау;
- Қағидада және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Жүлде алу құқығынан айырылудың өзге де жағдайлары.

Жеңімпаз немесе Резервтегі жеңімпаз мәртебесін және Сыйлықты алу құқығын жоғалтқан жағдайда, тиісті Сыйлықты одан әрі бөлу Қағиданың 6-бөлімінің 6.6-6.7-тармақтарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

- 6.8. Ақшалай сыйлықты табыстау Жеңімпаздың Ұйымдастырушыда ашылған және Жүлдені аудару мақсаты үшін Ұйымдастырушы көрсеткен банктік шотына ақшаны қолма-қол ақшасыз аудару жолымен жүзеге асырылады. Ұйымдастырушы Жеңімпазға дербес Жүлде бола алмайтын және ақшалай құны жоқ естелік сертификатты қосымша тапсыруға құқылы.
- 6.9. Жүлде алуға байланысты көлік және өзге де шығыстарды Жеңімпаз/Резервтегі жеңімпаз өз бетінше және өз есебінен өтейді. Жүлде Жеңімпаздың банктік шотына түскеннен кейін ақшаны алуға, аударуға, шығарып алуға, айырбастауға немесе ақша қаражатына өзге де түрде билік етуге байланысты комиссиялар мен өзге шығындарды Жеңімпаз Ұйымдастырушының және/немесе үшінші тұлғаның қолданылып жүрген тарифтеріне сәйкес дербес өтейді. Ұйымдастырушы мен Оператор мұндай комиссиялар мен шығындарды өтемейді.
- 6.10. Жүлде алу үшін Жеңімпаз/Резервтегі жеңімпаз Ұйымдастырушыға және/немесе Операторға (қызмет көрсетуге тартқан жағдайда) келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
 - жеке басын куәландыратын құжат;
 - Қағиданың № 2 қосымшасына сәйкес Ұйымдастырушы тарапынан жеке басын растауға, Жүлдені табыстауға, құжаттарды ресімдеуге және салық міндеттемелерін орындауға қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісім;
 - Жүлдені Жеңімпаздың өкілі алатын жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат.

Ұйымдастырушының жарнамалық фото және/немесе бейне түсірілімдеріне, сұхбаттарына және өзге де жарнамалық материалдарына қатысуға келісім. Жарнамалық түсірілімге және/немесе сұхбатқа қатысудан бас тарту Жүлде беруден бас тартуға негіз бола алмайды.

Материалдық құндылығы жоқ және Жүлдені төлеуге негіз бола алмайтын, ұтыс сомасының номиналы көрсетілген естелік сертификатты алу үшін Жеңімпаз Қағиданың №3 қосымшасының формасы бойынша қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюы қажет.

- 6.11. Жеңімпаздың Жүлдені алуды ресімдеуге қажетті құжаттарға қол қоюдан бас тартуы, жеке басын куәландыратын құжатты, Жүлдені табыстау және Ұйымдастырушы тарапынан салықтық міндеттемелерді орындау үшін қажетті дербес деректерді өңдеуге келісімді ұсынбауы, немесе Жүлдені өкіл алған жағдайда нотариалды сенімхатты ұсынбауы Жүлдені алудан бас тартумен теңестіріледі.
- 6.12. Жеңімпазға/Резервтегі жеңімпазға Жүлдені аударуды Ұйымдастырушы және/немесе Оператор (қызмет көрсетуге тартылған жағдайда) Қағиданың 6-бөлімінің 6.11-тармағында көрсетілген барлық құжаттар ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
- 6.13. Ақшалай қаражат Ұйымдастырушыдағы оның банктік шотына түскен сәттен бастап Жүлде Жеңімпазға берілді деп есептеледі. Көрсетілген сәттен бастап Ұйымдастырушы мен Оператор Жеңімпаздың ақшалай қаражатты одан әрі билік етуіне, соның ішінде оны алуына, аударуына, шығаруып алуына, басқа валютаға айырбастауына немесе басқаша пайдалануына жауапты болмайды.

7. Басқа шарттар

- 7.1. Ұйымдастырушы Қағидаға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Қағида мен Акция шарттары өзгерген жағдайда, Ұйымдастырушы бұл туралы Қатысушыларға өзгертулер күшіне енгенге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын <https://alataucitybank.kz> мекенжайы бойынша Ұйымдастырушының сайтында Акция шарттарын жаңа редакцияда жариялау арқылы хабарлайды. Қосымша, Ұйымдастырушы Акция Қатысушыларына Ұйымдастырушының мобильді қосымшасында маркетингтік немесе ақпараттық материалдарды не өзге де құжатты ұсыну арқылы Қағидаға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар туралы хабарлауға құқылы.
- 7.2. Қатысушының өзгерістер күшіне енгеннен кейін Акцияға қатысуға және/немесе Жүлдені алуға бағытталған әрекеттерді жасауы Қатысушының Қағиданың жаңа редакциясымен келісімін растау болып саналады.
- 7.3. Егер Қатысушының Акция шарттарын сақтамайтыны, алаяқтық әрекеттер жасайтыны, Акция шарттарын теріс пайдаланатыны, қате, толық емес немесе шатастыратын мәліметтерді ұсынатыны не Жүлдені теріс жолмен алуға бағытталған өзге де әрекеттерді жасайтыны анықталса, Ұйымдастырушы клиентті Акция қатысушыларының қатарынан шығаруға құқылы.
- 7.4. Егер бұдан да ұзақ сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленбесе, Ұйымдастырушы Қатысушылар тізілімінің, Жеңімпаздар мен Резервтегі жеңімпаздар тізімдерінің, комиссия хаттамаларының, ұтыс ойынының бейнетіркеу материалдарының, тікелей эфир жазбасының, Жүлделердің табысталғанын растайтын телефон қоңыраулары нәтижелері туралы мәліметтердің, құжаттардың, сондай-ақ Акцияны өткізуге байланысты басқа да құжаттар мен материалдардың Акция аяқталған күннен бастап кемінде 3 (үш) жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді.

Көрсетілген құжаттар мен материалдар Акцияны өткізу тәртібі мен ашықтығын растау, Қатысушылардың/Жеңімпаздардың өтініштерін, шағымдары мен талап-арыздарын қарау, ықтимал дауларды реттеу және Қазақстан Республикасының заңнамасында

көзделген жағдайларда уәкілетті тұлғаларға дәлелдемелер ұсыну мақсатында сақталады.

Ұйымдастырушы Дербес деректерді, банктік құпияны және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де ақпаратты қамтитын құжаттар мен материалдарды сақтауды, пайдалануды, беруді, деректерін көрсетпей жасырын алуды және жоюды Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңының және Ұйымдастырушының ішкі құжаттарының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

- 8.1. Өз міндеттемелерін орындау кезінде Ұйымдастырушының қызметкерлері, Комиссия мүшелері, сондай-ақ олардың Үлестес тұлғалары және жоғарыда аталған тұлғалардың атынан қандай да бір іс-әрекеттерді орындауға уәкілетті тұлғалар (бұдан әрі бірлесіп – Тартылған тұлғалар деп аталады), өткізілетін Акцияға байланысты қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде ақша немесе құндылықтар төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.
- 8.2. Қағидаға сәйкес өз міндеттемелерін орындау кезінде қызмет көрсетуге тартылған тұлғалар Қағиданың мақсаттары үшін қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен коммерциялық сатып алу және өзге де заңсыз әрекеттер ретінде сараланатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.
- 8.3. Қызмет көрсетуге тартылған тұлғалар бір-бірін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай қаражат, сыйлықтар беру, олардың пайдасына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және осы тармақта көрсетілмеген, тараптардың бірін белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы тараптың оны ынталандырушы тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттер орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

Ұйымдастырушы қызметкерінің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына жүзеге асыратын әрекеттері (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) мыналар болып түсініледі:

9.4.1. басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;

9.4.2. қандай да бір кепілдіктер беру;

9.4.3. қолданыстағы рәсімдерді жеделдету;

9.4.4. Ұйымдастырушы қызметкерінің өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ашықтығы мен айқындығы қағидаттарына қайшы келетін өзге де әрекеттер.

9. Акция шарттары туралы хабарлау тәртібі мен тәсілі

- 9.1. Акцияға қатысушыларды Акцияны өткізу шарттары туралы хабардар ету Ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында: <https://alataucitybank.kz> Қағиданы жариялау арқылы жүзеге асырылады. Акция туралы қысқартылған ақпарат Ұйымдастырушының жарнамалық, ақпараттық және өзге де материалдарында орналастырылуы, сондай-ақ Банктің мобильді қосымшасы, Ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсы, әлеуметтік желілер және Ұйымдастырушының өзге де байланыс арналары арқылы таратылуы мүмкін. Акция туралы қысқартылған ақпарат пен Қағида арасында алшақтық болған Жағдайда Ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында орналастырылған Қағиданың ережелері қолданылады.

**«Ақша ақшаны шақырады» акциясын өткізу қағидасының
№ 1 қосымшасы**

Комиссия хаттамасы

Акция атауы	«Ақша ақшаны шақырады»
Отырыс орны	
Отырыс күні	«_____» _____ 2026 жыл
Отырыс уақыты	сағат _____ _____ дейін

Комиссия құрамы		
ТАӨ	Лауазымы	Қолы

Жүлделер ұтыс ойынын өткізу нәтижелері бойынша Комиссия Акция шеңберінде келесі жеңімпаздарды анықтады:

№	Жүлде атауы ¹	Ұтыс айыны тізіміндегі Жеңімпаздың нөмірі	Жеңімпаздың ТАӨ, (толық жазылған)	Жеңімпаздың ЖСН-і
1.	10 000 000 (он миллион) теңге			
2.	5 000 000 (бес миллион) теңге			
3.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
4.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
5.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
6.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
7.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
8.	1 000 000 (бір миллион) теңге			

¹ Кестеде көрсетілген ақшалай жүлденің мөлшері жеке табыс салығын ұстағаннан кейін Жеңімпаздарға аударылатын сомалар.

9.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
10.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
11.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
12.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
13.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
14.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
15.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
16.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
17.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
18.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
19.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
20.	1 000 000 (бір миллион) теңге			

Жүлделер ұтыс ойынын өткізу нәтижелері бойынша Комиссия Акция шеңберінде келесі Резервтегі жеңімпаздарды анықтады:

№	Жүлде атауы ²	Ұтыс ойыны тізіміндегі резервтегі жеңімпаздың нөмірі	Резервтегі жеңімпаздың ТАӘ, (толық жазылған)	Резервтегі жеңімпаздың ЖСН-і
1.	10 000 000 (10 миллион) теңге			
2.	10 000 000 (10 миллион) теңге			
3.	5 000 000 (бес миллион) теңге			
4.	5 000 000 (бес миллион) теңге			
5.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
6.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
7.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
8.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
9.	1 000 000 (бір миллион) теңге			

² Кестеде көрсетілген ақшалай жүлделердің мөлшері жеке табыс салығын ұстағаннан кейін Резервтегі жеңімпаздарға (егер Жеңімпаз Жүлдені алу құқығын жоғалтқан жағдайда) аударылатын сомалар.

10.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
11.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
12.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
13.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
14.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
15.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
16.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
17.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
18.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
19.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
20.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
21.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
22.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
23.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
24.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
25.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
26.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
27.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
28.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
29.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
30.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
31.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
32.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
33.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
34.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
35.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
36.	1 000 000 (бір миллион) теңге			

37.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
38.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
39.	1 000 000 (бір миллион) теңге			
40.	1 000 000 (бір миллион) теңге			

Біз, төменде қол қойған комиссия мүшелері ұтыс ойынының нәтижелерімен келісеміз және ұтыс ойыны бұзушылықтарсыз өткізілгенін растаймыз.

Қызметкердің лауазымының атауы, Т.А.Ә

Қызметкердің лауазымының атауы, Т.А.Ә

Қызметкердің лауазымының атауы, Т.А.Ә

жеке тұлғаға арналған форма

Кімге: «Alatau City Bank» АҚ,
БСН _____

Мен, _____, ЖСН _____ («Ақша ақшаны шақырады» акциясының Жеңімпазының ТАӘ көрсетіңіз):

- Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес, «Alatau City Bank» АҚ-қа, БСН 920140000084 (бұдан әрі – Ұйымдастырушы), өзім туралы ақпаратты, соның ішінде дербес деректерді (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжат деректері, байланыс деректері және т.б.) (дербес деректерді көпшілікке қолжетімді дереккөздерде таратпай), оларды трансшекараралық беруді, дербес деректер Банкпен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып таратылуы тиіс деген шартпен, Банкке қызмет көрсететін Операторға және өзге де үшінші тұлғаларға дербес деректерді жинауға, өңдеуге (соның ішінде беруге), сондай-ақ Банк құпиясын құрайтын мәліметтерді (бұдан әрі – Ақпарат) ашуға өз келісімімді беремін.

- «Ақша ақшаны шақырады» акциясының (бұдан әрі – Акция) қағидасымен танысқанымды, сондай-ақ оның шарттарын қабылдағанымды және олармен келісетінімді растаймын;

- Акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбатқа, соның ішінде радиода, телевидениеде және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде қатысуға, графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсуге келісемін, бұл үшін өзімнің бейнемді пайдалануға келісімімді беремін. Фотосуреттері мен бейнелерін өңдеуге, ретуштеуге, қараңғылауға, бейнені бұрмалауға және өзгертуге, менің қатысуыммен фотосуреттер мен бейнелердің түпкілікті нұсқасын жариялауды дайындау процесінде әдейі, әдейі емес композицияларда пайдаланылған оптикалық иллюзияларды қолдануға рұқсат етемін.

- мемлекеттік қызметкер және/немесе оған теңестірілген тұлға емес екенімді растаймын.

Осы келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жазбаша нысанда қайтарып алынған күнге дейін қолданылады.

Ақпаратты жинау және өңдеу тек Акцияға қатысуды растау, ұтыс туралы хабарлау, Жүлдені табыстау, құжаттарды ресімдеу және салықтық міндеттемелерді орындау үшін қажетті көлемде ғана жүзеге асырылады.

«Ақша ақшаны шақырады» акциясының Жеңімпазы:

Т.А.Ә _____ қолы _____

Күні:

**«Ақша ақшаны шақырады» акциясын өткізу қағидасының
№3 қосымшасы**

Қабылдау-тапсыру актісі

«__» _____ 2026 жыл

Осы Қабылдау-тапсыру актісі _____ қ. жасалды және мыналарды
куәландырады:

_____,
тапсырады, ал
_____,
қабылдайды:

Жүлде атауы	Саны

Алынған ақшалай жүлдеге және оны табыстау тәртібіне наразылығым жоқ.

Жеке өзім қол қойдым.

Тапсырды:

(ТАӘ)

(қолы)

Қабылдап алды:

(ТАӘ)

(қолы)